

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау мен импорттау кезіндегі жанама салықтарды алу принциптері туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 24 маусым N 400-І

Алматыда 1997 жылғы 11 қарашада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау мен импорттау кезіндегі жанама салықтарды алу принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Грузия Үкіметі арасындағы
тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)
экспорттау және импорттау кезіндегі өзара
жанама салықтардың принциптері туралы
Келісім

(2000 жылғы 5 шілдеде күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары
бюллетені, 2001 ж., N 5, 45-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі, одан әрі
Тараптар,

сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, шаруашылық
субъектілері үшін тең мүмкіндіктерді тағайындауға және адал бәсекелестік
үшін жағдайлар жасауға,

халықаралық сауданың жалпы нормалары мен тәртіптерін бағдарға алып,
мына төмендегілерге келісті:

1-Бап
Жалпы айқындамалар

Осы Келісімнің мақсаты үшін:

а) "жанама салықтар" термині қосылған құнға салынған салықтарды және акциз салықтарын немесе алымдарын білдіреді;

б) "нөлдік ставка" термині Тараптар мемлекеттерінің салық туралы заңдарымен тағайындалған есептеу тәртіптеріне сәйкес қосылған құнға нөл процент ставкасы бойынша салынған салықтарды білдіреді;

в) "белгілеу орнының принципі" термині бір Тараптың кедендік аумағымен экспорт кезінде нөлдік ставканы қолдану және екінші Тараптың ұлттық заңдарымен бекітілген қолданыстағы ставка бойынша импорт кезінде салық салуды білдіреді;

г) "құзыретті органдар" термині қазақстан жағынан - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін, грузин жағынан - Грузин Қаржы министрлігін білдіреді.

2-Бап

Экспорттау кезінде салық алу принциптері

Тараптар бір Тараптың аумағынан басқа Тараптың аумағына экспортталатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) жанама салықтар салынбайды.

3-Бап

Импорттау кезінде салық алу принциптері

1. Басқа Тарап аумағынан экспортталып бір Тарап аумағына импортталатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) импорттаушы мемлекетте, оның заңдарына сәйкес, жанама салықтар салынады. Тараптың-импорттаушының кедендік аумағына тауарлар әкелінген кезде жанама салық салуды кеден органдары жүзеге асырады.

2. Басқа Тараптың аумағынан экспортталған импорт тауарларына (жұмыстарына, қызмет көрсетулерге) салық салу кезінде Тараптар олардың ішкі рыногтарында өндірілетін (сатылатын) ұқсас тауарлар үшін (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бекітілген сондай салық ставкаларын, жеңілдіктерді және есептеу тәртібін қолданады.

4-Бап

Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық дауларды және пікір қайшылықтарды Тараптардың құзіретті органдары консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

5-Бап Күшіне енуі

1. Осы Келісім барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы Тараптардың хабарланған күнінен бастап күшіне енеді.
2. Осы Келісім тек оның күшіне енген күнінен кейін ғана ұсынылатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) қатысты қолданылады.
3. Кез келген Тарап Келісім әрекет ету кезінде туындаған қаржылық және басқа да міндеттемелерді реттегеннен соң шығуынан алты ай бұрын екінші Тарапқа жазбаша ескерту жіберіп, осы Келісімнің әрекетін тоқтатуға болады.
4. Тараптар қажет болғанда осы Келісімді жүзеге асыру барысын және оған толықтырулар мен өзгерістер енгізудің мақсатқа лайықтығын бағалау үшін консультациялар жүргізетін болады. Бұндай консультациялардың мерзімін Тараптар қосымша анықтайды.

Алматы қаласында "11" қарашада 1997 жылы екі түпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің де күші бірдей.

Осы Келісімнің қазақ және грузин тілдеріндегі мәтіні бойынша Тараптар арасында пікір қайшылығы пайда болған жағдайда негізге орыс тіліндегі мәтін алынады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Грузия
Үкіметі үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Нарбаев Е.Ә.